

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ӨСУ ЖӘНЕ МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру еліміздің тұрақты дамуының маңызды бағыттарының бірі. Мемлекеттік аппараттың тиімділігі қызметкерлердің кәсібилігіне, адалдығына және жауапкершілігіне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік қызметте мансаптық өсуді қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі – меритократия қағидаты.

Меритократия қағидаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке іріктеу және олардың қызметінің өсуі кәсіби қызығарыны, лауазымдық міндеттерді орындау тиімділігіне, сондай-ақ белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігіне негізделетін қағидат. Бұл қағидат мемлекеттік қызметте әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етіп, әрбір азаматқа өзінің білімі мен қабілетін көрсетуіне тең мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметте мансаптық өсу көзделіс факторларға немесе жеке таныстыққа емес, қызметкердің кәсіби қызығарыны, еңбек нәтижесіне

және қызметтік жетістіктеріне негізделуі тиіс. Мұндай тәсіл мемлекеттік қызметшілерді өз білімін үздіксіз жетілдіруге, жаңа дағдыларды меңгеруге

және жұмыс тиімділігін арттыруға ынталандырады. Сонымен қатар, меритократия мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Бұл ретте, Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында кадр саясатын жетілдіруге, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға және мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға басымдық берілген.

Тұжырымдамаға сәйкес мемлекеттік қызметті кәсібилендіру гибриді кадрлық модельге көшу арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл модель меритократия қағидатын толық іске асыруға, жоғары білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тартуға және кадрлық өлеуетті нығайтуға бағытталған.

Гибриді модель жаңа кадрларды тартумен қатар, мемлекеттік қызметте еңбек етіп жүрген қызметкерлердің кәсіби дамуы мен мансаптық өсуіне де ерекше мән береді. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызығары, еңбек нәтижелері және мемлекеттік орган қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі олардың мансаптық ілгерілеуінің негізгі өлшеміне айналады.

Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – жаңа «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның қабылдануы. Заң мемлекеттік қызметтің сервистік моделін дамытуға, кадрлық процестерді толық цифрландыруға, мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға және меритократия қағидатын одан әрі нығайтуға бағытталған.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдерінің цифрлық форматқа көшуі конкурстық іріктеудің ашықтығы мен объективтілігін күшейтіп, адами фактордың ықпалын азайтуға мүмкіндік береді. Жаңа

тәсілдер аясында мемлекеттік қызметшілердің қызмет нәтижелерін бағалау жүйесі жетілдіріліп, келденен мансаптық өсу тетіктері енгізілуде. Бұл қызметкерлерге жоғары лауазымға ауыспай-ақ, кәсіби қызығарындамытып, өз саласының білікті маманы ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, меритократия қағидаты мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен кәсібилігін арттырудың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Қызметкерлердің біліміне, кәсіби қызығарыны және еңбек нәтижелеріне негізделген мансаптық өсу жүйесі мемлекеттік басқару сапасын жақсартып, мемлекеттік аппараттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және азаматтардың мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

МҚА Қарағанды облысы бойынша департаменті
Мемлекеттік қызмет басқармасының
басшысы
С. Амангелдынова

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ: САПА, ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Азаматтардың мемлекеттік қызметтерді сапалы, уақытылы және

заң талаптарына сәйкес алуы – мемлекеттік басқарудың тиімділігін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі. Осы бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына бақылау, заң бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Бүгінде, мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдірудің негізгі бағыты мемлекет басшысымен айқындалған «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидатына негізделген. Бұл азаматтардың қажеттіліктеріне бағытталған тиімді, ашық әрі қолжетімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету өкенин білдіреді.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында

Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасындағы заңнаманың сақталуына қатысты

жоспарлы, жоспардан тыс тексерістер жүргізді. Тексеру қорытындысында

3000-ға жуық заң бұзушылық анықталды. Олардың жою мақсатында мемлекеттік органдарға ұсынулар енгізіліп, заң талаптарын бұзған 27 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, өкімшілік хаттамалар толтырылды.

Есептік кезеңде Департаментке мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты 281 өтініш келіп түсті. Талдау нәтижесіне сәйкес өтініштердің басым бөлігі, нақты айтқанда сауда-саттық және бау-бақша мәселелеріне қатысты болғаны анықталды.

Жалпы, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Департамент қабылдаған шаралардың нәтижесінде 220-ға жуық азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Бұл

көрсеткіш азаматтардың өтініштерін қарау, жоспардан тыс тексерулер жүргізу, қашықтықтан бақылау тетіктерін пайдалану, мемлекеттік органдарға сұрау салулар жолдау, сондай-ақ EgovKzBot 2.0 Telegram-боты арқылы келіп түскен өтініштерді қарау нәтижесінде қол жеткізілді.

Бұл деректер мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тұрақты бақылау жүргізудің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдейді. Сөйтіп әрбір мемлекеттік қызметтің артында азаматтың құқығы, уақыты және заңды мүддесі тұр.

Сонымен қатар, Департаментпен мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін түсіндіру және электрондық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру бағытында ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Осы мақсатта «Елге қызмет» тележобасы аясында бағдарламалар ұйымдастырылып, әрі сайын аудан-қалаларда «Қызмет алушылар күні» іс-шаралары өткізілуде. Бұдан бөлек,

мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушілер арасында семинарлар, түсіндірме іс-шаралары ұйымдастырылып, телеарналарда сұхбаттар, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар мен тікелей эфирлер арқылы тұрғындарға заңнамадағы жаңашылдықтар жан-жақты түсіндірілуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекеттік қызметтердің қолжетімді әрі сапалы ұсынылуы халықтың мемлекетке деген сенімін нығайтып, тиімді әрі сервистік мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға негіз болады.

МҚА Қарағанды облысы бойынша департаменті
Мемлекеттік қызмет көрсету
басқармасының басшысы
Е. Сагинджиков

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІ: ТИІМДІЛІК ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік мекемеде еңбек тәртібін қалдағалау – тиімді жұмыстың маңызды шарты. Коммерциялық ұйымдардан айырмашылығы, мемлекеттік мекемелер қоғамдық маңызды бар міндеттерді атқарады: мемлекеттік саясатты іске асырады, халыққа қызмет көрсетеді және заңнаманы орындауын қамтамасыз етеді. Сондықтан әрбір қызметкердің жауапкершілігі мен тәртіпті қабылдауының шешімдердің сапасына, мемлекеттік қызметтің беделіне және азаматтардың сеніміне тікелей әсер етеді.

Мемлекеттік органдардағы еңбек қызметі құзыреттілік, жауапкершілік және өзара

сыйластық қағидаттарына негізделеді. Ол Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен, ал мемлекеттік қызметшілер үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің ережелерімен реттеледі. Осы талаптарды сақтау ұжымда қолайлы моральдік-психологиялық ахуалдың қалыптасуына, орындаушылық тәртіптің артуына және азаматтармен сындарлы өзара іс-қимылдың нығаюына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасын, нормативтік құқықтық актілері мен лауазымдық нұсқаулықтарының талаптарын бұлжытпай сақтау, басшылық тапсырмаларын уақтылы, сапалы орындау, азаматтардың өтініштерін заңды мерзімде қарау, іскерлік әдепті ұстану және мүдделер қақтығысына жол бермеу еңбек тәртібінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Жоғары еңбек тәртібі мемлекеттік мекеменің тұрақты әрі тиімді қызметін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ мемлекеттік функциялардың сапалы орындалуына, қызметтік жауапкершіліктің нығаюына және

қоғамның мемлекеттік қызметке деген сенімін арттыруға әсерін тигізеді. Дәл осы тәртіп, кәсібилік пен өз міндеттеріне деген жауапты көзқарас мемлекеттік орган жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймай, мемлекеттік басқару жүйесінің табысты дамуының негізін қалайды.

«Шахтинск қалалық
мәслихатының аппараты» ММ
ұйымдастыру-құқықтық бөлімінің
кадрлық жұмыс жөніндегі бас маманы
Ж. Т. Спанова

Қарағанды облысы Шахтинск қаласында
«Шахтинскводоканал» ЖШС-нің Шахтинск қаласы, Шахан кеті елді-мекендерінің
сарқынды суды бұру қызметтеріне өтінімі бойынша жария тұндыра өтеді

Жария тұндыра 2026 жыл 4 қыркүйекте өткізіледі:
– сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы 50, мекенжайы бойынша, сондай-ақ онлайн Facebook (https://www.facebook.com/dikrem.krg) әлеуметтік желісі арқылы, «Шахтинскводоканал» ЖШС-нің сарқынды суды бұру қызметіне тариф және тарифтік сметасының жобасын қарау бойынша.

Жария тұндырау қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырылады.

«Шахтинскводоканал» ЖШС-нің байланыс телефоны:
8(72156) 3-93-80 (қабылдау бөлемі)

В городе Шахтинск Карагандинской области пройдут публичные слушания по заявке
ТОО «Шахтинскводоканал» на услуги по подаче воды по распределительным сетям и по
отводу сточных вод

г. Шахтинск и п. Шахан
Публичное слушание состоится 4 сентября 2026 года:
– в 11:00 часов, по адресу: Карагандинская область, г. Шахтинск, пр. Абая Кунанбаева, 50, а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (https://www.facebook.com/dikrem.krg), по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы на 2027-2031 годы ТОО «Шахтинскводоканал» на услуги по подаче воды по распределительным сетям и отводу сточных вод г. Шахтинска и п. Шахан.
На слушание приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.
Контактный телефон ТОО «Шахтинскводоканал»:
8(72156) 3-93-80 (приемная)

Құрметті тұтынушылар!

ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті (бұдан әрі-МФБК) ҚР ДСМ МФБК «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптаудың Ұлттық орталығы» ШЖК РМҚК (бұдан әрі-ДЗ мен МБ СҰО) ұсынатын қызметтердің жоспарланып отырған бағаларын Бекітуге жария тұндаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

2026 жылғы 28 тамызда Астана қаласы, Иманов көшесі, 13, 4 қабат мекенжайы бойынша сағат 16.00-де көпшілік тұндаулар өткізу жоспарлануда.
Байланыс телефоны:
8(7172) 74-27-43 – ДСМ МФБК
8(7172) 23-51-35 (ішкі нөмір 457) – ДЗ мен МБ СҰО
МФБК мекен-жайы: ҚР Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы 10, «Kazyna towers» БО, 9 подъезд
https://www.gov.kz/memleket/entities/kmfk/press?lang=ru
ДЗ мен МБ СҰО мекен-жайы: ҚР, Астана, Иманова көшесі 13, www.ndda.kz

Уважаемые потребители!

Комитет медицинского и фармацевтического контроля МЗ РК (далее-КМФК) объявляет о проведении публичных слушаний на планируемом утверждении цен на услуги, предоставляемые РГП на ПВХ «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» КМФК МЗ РК (далее -НЦЭЛС и МИ):
Проведение публичных слушаний планируется на 28 августа 2026 года, по адресу г. Астана, ул. Иманова 13, этаж, в 16.00 часов.
Контактные телефоны:
8(7172) 74-27-43 – КМФК;
8(7172) 23-51-35 (внутр. номер 457) – НЦЭЛС и МИ.
Адрес КМФК: РК, г. Астана, пр. Мәңгілік ел 10, БЦ «Kazyna towers», 9 подъезд
https://www.gov.kz/memleket/entities/kmfk/press?lang=ru
Адрес НЦЭЛС и МИ: РК, г. Астана, ул. Иманова 13, www.ndda.kz

Хабарландыру!

«Зиязидинов Ф.Н.» Ж.К. «Қарағанды қаласы, Әліхан Бөкейхан ауданы, 042 учаскелік кварталы, 40 құрылыс мекенжайында орналасқан «Зиязидинов Ф.Н.» ЖК мұнай базасын пайдалану» жұмыс (техникалық) жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тұндаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.
Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Зиязидинов Ф.Н.» Ж.К.
Жобаны әзірлеуші - «EcoAudit» Ж.К. телефон: +7 707 723 10 69.
Жария талқылауды өткізу мерзімі 13.08.2026 ж. бастап бес жұмыс күні ішінде.
Жоба бойынша орналастырылған құжаттама, ұсыныстар мен ескертулер сайтта қабылданады https://hearings.ndbecology.gov.kz/.

Объявление!

ИП «Зиязидинов Ф.Н.» уведомляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений по проекту: Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему (техническому) проекту «Эксплуатация нефтебазы ИП «Зиязидинов Ф.Н.», расположенной по адресу: г. Караганда, р-н Әліхан Бөкейхан, уч. кв. 042, строение 40.
Инициатор намечаемой деятельности: ИП «Зиязидинов Ф.Н.»
Разработчик проекта - ИП «EcoAudit», телефон: +7 707 723 10 69.
Сроки проведения публичных обсуждений с 13.08.2026 г. в течение пяти рабочих дней.
Размещённая документация по проекту, предложения и замечания принимаются на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz/.

